

С.Сейфуллин атындағы Қазақ агротехникалық университетінің 60 жылдығына арналған «Сейфуллин оқулары– 13: дәстүрлерді сақтай отырып, болашақты құру» атты Республикалық ғылыми-теориялық конференциясының материалдары = Материалы Республиканской научно-теоретической конференции «Сейфуллинские чтения – 13: сохраняя традиции, создавая будущее», посвященная 60-летию Казахского агротехнического университета имени С.Сейфуллина. - 2017. - Т.1, Ч.4. - Б.174-178

## **ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕП ЖӘНЕ САЛЫҚ ЕСЕБІ: ЖАҒДАЙЫ ЖӘНЕ ОЛАРДЫ ЖЕТІЛДІРУ ЖОЛДАРЫ**

*Шаукерова З.М., Әмірханова А.Д.*

Қазіргі кездегі бухгалтерлік есепке алу ақпараттық базаны білдіреді, оның негізінде ұйым қаржылық есептілікті дайындайды. Бухгалтерлік есепте қалыптастырылатын ақпарат басқарушылық, салықтық статистикалық есептілікті жасау үшін қолданылады, қажет болған кезде осы ақпараттың негізінде есептіліктің басқа да түрлері жасалады. Бухгалтерлік есепке алу жүйесі бір-бірімен өзара байланыста болатын, есепке алу элементтерінің белгілі бір тұтастығы немесе көптілігі. Мұндай жүйе логикалық кешенді қамтиды, онда ұйымның, мемлекеттің, сондай-ақ кез келген басқа да сыртқы, сол сияқты ішкі пайдаланушылардың экономикалық мүдделерін қамтамасыз ету мақсатында қызметтің түпкі нәтижелерін дұрыс өлшеуге бағытталған ақпарат қорытылады [1].

Есептілікті пайдаланушылардың барлығында қаржылық есептілік жөніндегі ақпарат нені қамтитынына қатысты белгілі бір үміт-армандары бар. Бұл үміт-армандар уақыт өте келе дамыды және пайдаланушылар бұрын кездестірген қаржылық есептіліктің үлгісі мен мазмұнынан туындады. Осы үміт-армандарға бухгалтерлік есепке алу туралы заңдар, бухгалтерлік есепке алудың регламенті мен стандарттары әсер етті. Қазақстанда үміт-армандар үлгіге және кеңес жүйесі кезінде әзірленген қаржылық есептілікке сүйене отырып дамыды. Шетелдік пайдаланушылардың үміт-армандары Халықаралық қаржылық есептілік стандарттарының принциптері мен тәжірибесіне сүйене отырып қалыптасты.

Кез келген әділ (сенімді) пікірден бухгалтерлік есепке алудың белгілі бір маңызды немесе іргелі принциптеріне немесе тұжырымдамаларына негізделген пікір орынды тұспалдануы мүмкін. Халықаралық түпмәтінде ең болмағанда мынадай бес принцип:

- есептеу принципі;
- қызметтің үздіксіздігі;
- ақылға сыйымдылығы;
- дәйектілігі [2];

- мазмұнның нысаннан басымдығы іргеліге жатқызылуы мүмкін және заңнама мен бухгалтерлік есепке алу стандарттарында көрсетілуі мүмкін.

Бухгалтерлік есепке алу қойылған міндеттерге сәйкес кейіннен жинау, жүйеге келтіру және қорыту үшін деректер көзі ретінде ғаламдық есепке алу

жүйесінің бірлігін және функционалдығын қамтамасыз ететін ең маңызды факторы болып табылады.

Экономикадағы қаржылық есепке алудың ақпараттық функциясы ұйымдар қызметінің қаржылық нәтижелеріне сүйенеді, олар ұйымның ішіндегі сол сияқты одан тысқары жердегі ақпарат пайдаланушылардың мүдделі тобына қажет. Жоғары сапалы есептілік капитал нарығын дамыту үшін де қажет, өйткені оның негізінде көбінесе экономиканың ондаған жылдарға дейін дамуын айқындайтын шектеулі ресурстарды бөлу туралы шешімдер қабылданады. Бухгалтерлік есепке алуды және есептілікті реттеу жүйесін дамыту барлық мүдделі тараптардың мүддесін ескеретін, шығындардың төмендеуін және реттеудің тиімділігін арттыруды қамтамасыз ететін модельді құруға бағытталуы тиіс. Осы модельдің негізі – мемлекеттік билік органдары мен кәсіби қауымдастықтың (кәсіби қоғамдық бірлестіктер мен басқа да мүдделі жұртшылық) қызметтерін саналы түрде үйлестіру [3].

Салық есептілігін салық төлеуші, салық агенті не олардың өкілдері осы Кодекске сәйкес уәкілетті орган белгілеген тәртіппен және нысандар бойынша дербес жасайды.

Кодексте салық салудың әртүрлі шарттары көзделген қызмет түрлерін жүзеге асыратын салық төлеушілер мұндай қызметтің әрбір түрі үшін бөлек салық есептілігін жасайды. Сондықтан салық есебі мен қаржылық есебі арасында шығындарды есепте тану талаптары сәйкес келе бермейді. 1-кестеде шығындарды қаржылық және салық есебінде тану тәртібі келтірілген.

1 – кесте. Шығындарды қаржылық және салық есебінде тану тәртібі

Атауы	Қаржылық есеп	Салық есебі
Кәсіпкерлік қызметпен байланысты емес шығындар	Шығындарға апарылады	Жылдық жиынтық табыстан шегерімге апарылмайды
Бюджетке төленуге тиіс (төленген) айыппұлдар, өсімақылар	Шығындарға апарылады	Шығындарға апарылмайды
Іс сапар және өкілдік шығындарының нормадан асуы	Шығындарға апарылады	Шегерімдер құрамына енгізілмейді
Сыйақы бойынша шығындар	Шығындарға апарылады	Меншікті және тартылған капитал ара қатынасы шегімен шегерімге апарылады.
Күмәнді талаптар	Шығындарға дебеторлық борыш (күмәнді талаптар бойынша резервтер)	- үш жыл ағымында; - дебеторды банкрот деп мойындауымен байланысты

	апарылады	қанағаттандырылмаған талаптар
Сақтандыру сыйақысы бойынша шығындар	Шығындарға апарылады	Жинақтаушыдан басқа, сақтандыру келісім шарттары бойынша шығындар шегерімге апарылады
Амортизациялық аударымдар	Есеп саясаты бойынша шығындарға апарылады	Құндық баланс және амортизацияның шекті нормалары бойынша тіркелген активтер шегерімі ретінде мойындалады
Салықтар бойынша шығындар	Есептелген сомалар негізінде шығындарға апарылады	Есептелген шегінде тек нақты төленген сомалар шегерім ретінде танылады
Бағамдық айырмашылық	Теріс бағамдық айырма шығындарға апарылады	Оң бағамнан асқан теріс бағамдық айырма шегерімге апарылады
Ескерту – [4] ақпарат көзі негізінде автормен құрастырылған.		

Орын алып отырған проблеманы шешу мақсатында Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі дәйекті іс-шаралар жоспарын жүргізуді жаспарлап отыр. Бірінші кезекте бухгалтерлік есепке алу мен қаржылық есеп беруді дамыту осы салада білім алудың қол жетімділігін қамтамасыз етпей және оны жетілдірмей мүмкін емес. Бір жағынан тапсырма ХҚЕС бойынша бухгалтерлік есепке алуды жүргізудің заманға сай дағдысы бар бухгалтерлерді дайындауда болса, екінші жағынан сапалы бухгалтерлік есепке алу жүйесі ХҚЕС бойынша дайындалған қаржылық есеп беру негізінде шешім қабылдай алатын пайдаланушылардың болуын қажет етеді [5].

Алдағы жылдары дамудағы кейінгі бағыт – ХҚЕС-тың қазақстандық қаржы жүйесінің жағдайларына одан әрі бейімделуін жүргізу. Бүгінгі таңда отандық қаржы жүйесінің серпінді дамуы қазақстандық экономика мен заңнаманың ерекшеліктеріне негізделген ерекшелігі бар бірқатар институттардың туындауына әкеп соқтырды. Мысалдардың бірі ретінде чилилік жүйесі принципінде құрылған және тиісінше ХҚЕС қаржылық есеп беруді жасаудың икемді тұжырымдамалы негіздерінің жиынтығын білдіре отырып, отандық экономиканың жағдайларына тиісті бейімделусіз пайдаланыла алмайтындықтан бухгалтерлік есепке алуды жүргізудің ерекше рәсімдерін әзірлеуді талап ететін Қазақстанның зейнетақы қорларын атап өтуге болады. Осы тапсырманы шешу үшін экономикасы дамыған түрлі елдердің іс-тәжірибесін, шетелдік қаржылық есеп беру стандарттарын

зарделеу жөніндегі бағытта жұмыс жүргізілді, бухгалтерлік есепке алу саласындағы сарапшылармен консультациялар жүргізілді және жүргізілген жұмыстардың нәтижелері бойынша нормативтік және өзге де құжаттар кешенін әзірлеу жолымен Қазақстанда алынған тәжірибені енгізу мақсатында ұсыныстар мен іс-шаралар жасалды [6].

Сол сияқты бухгалтерлік есепке алуды жүргізу мен қаржылық есеп беруді жасау бөлігінде ақпараттық жүйелерді автоматтандыру процесі маңызды мәселе болып табылады. ХҚЕС-ті толыққанды енгізу компаниялардың бизнес-жобаларын жан жақты автоматтандырусыз мүмкін емес, ол бастапқы құжаттарды өңдеуді, автоматтандырылған режимдегі негізгі көп еңбекті қажет ететін функцияларды барынша оңтайландыруға және адам факторының қатысуымен байланысты тәуекелдердің пайда болу мүмкіндігіне жол бермеуге жағдай жасайды. Бухгалтерлік есепке алуды автоматтандыру ұйымдарда есепке алу жұмысын жолға қоюға елеулі септігін тигізеді, ақпаратты өңдеу принциптері бейнелі түрде өзгереді, бұл ретте, есепші қызметкерлер деректерді өңдеуге тікелей қатысады. Ұйымдарда бухгалтерлік есепке алуды автоматтандыру мәселесі ең маңызды болып табылады, себебі олардың қызметтерін тұтынушы Қазақстан Республикасының халқы болып табылады. Ұйымдарда бухгалтерлік есепке алуды автоматтандыру процесін іске асыру мақсатында ұйымның автоматтандырылған ақпараттық жүйелерінде енгізілген көмекші бухгалтерлік есепке алу және Бас бухгалтерлік кітабын жүргізуге қойылатын талаптарды жетілдіру жоспарланып отыр.

Қазақстан Республикасының әлемдік экономикалық қауымдастыққа кіруіне байланысты барлық пайдаланушыларға, әсіресе шетелдік инвесторларға түсінікті бухгалтерлік есеп жүргізудің және қаржылық есеп беруді жасаудың қағидаларын жетілдіруге белгілі бір талаптар қойыла бастады. Шетелдік инвесторлар қазақстандық ұйымдарға ақшалай қаражат сомасын салғаннан кейін олардың барлығына түсінікті есептілік табыс ету қажет болды. Осыған байланысты қаржылық есеп берудің халықаралық стандарттары (ҚЕХС) жалпы қабылданған кәсіби іскерлік қарым-қатынас жасау тілі болып табылады.

Қаржылық есеп берудің халықаралық стандарттары (ҚЕХС) – бұл бүкіл әлемде ұйымдардың қаржы есептерін жасау үшін қаржы-шаруашылық операцияларын тануға, бағалау мен ашып көрсетуге талаптар қоятын ережелер.

Қаржылық есеп берудің халықаралық стандарттары бойынша кеңесімен құрастырылған ҚЕХС бүкіл дүние жүзінде ұйымның қызметі туралы ашық және түсінікті ақпаратты, ұсыну үшін тиімді құрал ретінде танылады.

Қазіргі уақытта қалыптасқан әлемдік үрдіс барлық елдердің қаржылық есеп берудің оның халықаралық стандарттарға сай жасауға көшуін қажет етеді. Барлық ірі индустриялық елдер өздерінің ұлттық стандарттарынан бас тартып бірыңғай халықаралық стандарттарға көшуде. Мәселен, АҚШ

мамандары ҚЕХС-пен жалпы қабылданған бухгалтерлік есеп қағидаларын (ГААР) жақындастыру жөнінде жан-жақты жұмыс жүргізуде [7].

Біздің мемлекетіміз Тәуелсіздік алған сәттен бастап халықаралық тәжірибені зерттеу нәтижесінде өзінің бухгалтерлік жүйесін реформалауға кірісті. Есеп пен аудитті дамыту мен жетілдіруге байланысты нормативтік-құқықтық актілерді іске асыру мақсатында елімізде қаржылық есеп беруді ҚЕХС-қа сәйкес жасауға бірте-бірте көшу жүзеге асырылуда. ҚЕХС көшу есеп берудің өзінің дайындау принциптерін және оның сапасын бақылау - аудит принциптерін де өзгертеді.

Қаржылық есеп беру мекеме қызметінің қаржы жағдайы мен қаржы нәтижелерінің құрылымдалған ұсынуы болып табылады. Қаржылық есеп берудің мақсаты пайдаланушыларды экономикалық шешім қабылдау үшін кәсіпорынның қаржылық жағдайы, қызмет нәтижелері, қаржылық жағдайының өзгеруі туралы пайдалы ақпаратпен қамтамасыз ету. Осы мақсатқа жету үшін қаржылық есеп беру белгілі жорамал негізінде құрастырылады, сапалы сипаттамаларға ие болады және белгілі элементтер жөнінде ақпарат болуы тиіс. Сондай-ақ мекеме басшылығына сеніп тапсырылған ресурстарды басқару нәтижелерін де көрсетеді.

#### Әдебиеттер тізімі

1. Закон Республики Казахстан «О частном предпринимательстве»
2. Закон о микрокредитных организациях от 06 марта 2003 года.
3. Закон «О внесении изменений в закон "О микрокредитных организациях" от 11 октября 2006 года
4. Указ Президента РК «О мерах по созданию и обеспечению деятельности социально-предпринимательских корпораций» от 13 января 2007 года
5. Министерство Экономики и Бюджетного планирования РК, [www.minplan.kz](http://www.minplan.kz)
6. Гражданский Кодекс Республики Казахстан (общая часть)
7. Cuffaro, N. & Hallam, D “Land grabbing” in developing countries: foreign investors, regulation and codes of conduct. Paper presented at the International Conference on Global Land Grabbing. UK.- Brighton, 2011.
8. Главный приоритет – конкурентоспособность малого бизнеса. // Малый и средний бизнес Казахстана, №1(9), 2005. С.4-7.
9. Ермаков В.А. Общая ситуация с предпринимательством в Казахстане.